

Бұйрық № 71

28.08.2025ж

«2025–2026 оқу жылына педагогикалық кеңес құрамын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, мектепке дейінгі ұйым Жарғысына сәйкес оқу-тәрбие процесін сапалы ұйымдастыру, педагогтердің кәсіби қызметін үйлестіру, білім беру қызметінің тиімділігін арттыру, тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуын қамтамасыз ету және педагогикалық кеңестің жұмысын жүйелі жүргізу мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған педагогикалық кеңестің келесі құрамы бекітілсін:

Педагогикалық кеңестің төрағасы:

Г.С.Абдрахманова – бөбекжай меңгерушісі.

Педагогикалық кеңестің хатшысы:

К.Н.Имангалиева-педагог-психолог

Педагогикалық кеңестің мүшелері:

Бөбекжай педагог қызметкерлері.

2. Педагогикалық кеңестің негізгі міндеттері:

2.1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарының орындалуын қамтамасыз ету.

2.2. Ұйымның жылдық жоспарын, білім беру бағдарламаларын, жұмыс жоспарларын қарау және бекітуге ұсыну.

2.3. Тәрбие-білім беру процесінің сапасына талдау жүргізу және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.

2.4. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу мәселелерін қарастыру.

2.5. Балалардың білім, білік және дағдыларын қалыптастыру нәтижелерін талдау.

2.6. Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту, қауіпсіз орта құру мәселелерін қарастыру.

2.7. Ата-аналармен (заңды өкілдермен) өзара іс-қимылды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

2.8. Озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жинақтау және тарату жұмыстарын ұйымдастыру.

3. Педагогикалық кеңестің жұмыс тәртібі:

3.1. Педагогикалық кеңес жылдық жоспарға сәйкес өз жұмысын жүргізсін.

3.2. Педагогикалық кеңестің отырыстары тоқсанына кемінде бір рет өткізілсін.

3.3. Қажет болған жағдайда кезектен тыс педагогикалық кеңес отырыстары ұйымдастырылсын.

3.4. Педагогикалық кеңестің шешімдері хаттамамен рәсімделіп, орындауға міндетті болып саналсын.

3.5. Педагогикалық кеңес отырыстарының хаттамаларын жүргізу және сақтау педагогикалық кеңес хатшысына жүктелсін.

4. Педагогикалық кеңес хатшысына:

4.1. Педагогикалық кеңес отырыстарының күн тәртібін әзірлеуді;

- 4.2. Хаттамалардың уақытылы рәсімделуін;
4.3. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау мониторингін жүргізуді қамтамасыз ету тапсырылсын.

5. Әдіскерге:

- 5.1. Педагогикалық кеңес жұмысының жылдық жоспарын әзірлеуді;
5.2. Қаралатын мәселелер бойынша қажетті материалдарды дайындауды;
5.3. Педагогтердің әдістемелік қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету жүктелсін.

6. Педагогикалық кеңестің барлық мүшелері:

- 6.1. Кеңес жұмысына белсенді қатыссын;
6.2. Қабылданған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етсін;
6.3. Өз құзыреті шегінде оқу-тәрбие процесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме жүктелсін.

8. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

«Ақниет+» жеке бөбекжай- балабақша
меңгерушісі:

Т.К.Мухамбеткалиева



2025-2026 оқу жылына арналған педагогикалық кеңес жоспары

Педагогикалық кеңес № 1				
№	Тақырыбы	Түрі	Мерзімі	Жауапты
1	№1 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Білім келешегі: адал азамат-кәсіби маман» 1.2024-2025 оқу жылының жазғы сауықтыру кезеңінде атқарылған жұмыс есебін тыңдау. 2.«Жаңа оқу жылының басталуы» Мақсаты: Педагогикалық процеске барлық қатысушылардың іс-әрекеттерін үйлестіру, педагогтің шығармашылық ізденісіне тиімді жағдай жасау. ҚР Мектепке дейінгі ұйымдарында 2025-2026 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хатпен (ҚР Оқу-ағарту министрлігі 24.06.2025 ж №7 хаттама); Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты 03.08.2022 жылғы №348 бұйрық (өзгеріс 23.01.2025 жыл №12 бұйрық). Педагогикалық ұжымды 2025-2026 оқу жылына арналған бөбекжайдың жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру. Бекіту: -ҰІӨ кестесі; -топтардың перспективалық	бөбекжайдың жылдық жұмыс жоспарын бекіту, 2025-2026 оқу жылы жұмысының негізгі бағыттарын, педагогикалық үрдісті ұйымдастыру ерекшелігін анықтау. Бекіту	тамыз	Бөбекжай меңгерушісі Г.С.Абдрахманов аәдіскер Г.К.Мухамбеткал иева

Педагогикалық кеңес № 3

Тақырыбы: «Балабақшада шығармашылық орта қалыптастыру:заттық дамытушы орта, әдіс, креатив» №2педкеңес шешімінің орындалуы. 1. «Балабақшада заттық дамытушы ортаның маңыздылығы» 2. І жарты жылдықтағы аралық мониторингтің қорытындысы. 3. «Ертегі терапиясының оқу процесінде қолдану» (баяндама) Театр балабақшада.	Практикалық жұмыс TED X	қаңтар	Бөбекжай меңгерушісі Г.С.Абдрахманова әдіскер Г.К.Мухамбеткалиева Педагог-тәрбиешілер
--	---------------------------------------	---------------	--

Педагогикалық кеңес № 4

Тақырыбы:«Әлеуметтік жобалар мен іс-шаралар арқылы құндылықтарды енгізудің тиімділігі» Мақсаты: Тәрбиеленушілердің әртүрлі мамандыққа деген қызығушылықтарын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарын дәріптеу. 1. №3 педкеңес шешімінің орындалуы 2. «Еңбегі адал-жас өрен» тәрбиеші Г.Н.Губайдоллина; 3. «SMART BALA» Инновациялық жобалар арқылы құндылықтарды дамыту. Тәрбиешілер А.Султангереева. 4. Педагогикалық кеңес шешімі;	Дөңгелек үстел	Наурыз	Меңгеруші Г.С.Абдрахманова
--	-----------------------	---------------	---------------------------------------

Педагогикалық кеңес № 5

№5 педагогикалық кеңес тақырыбы: «2025-2026 оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелілігі: «Жетістіктер және даму жолдары» 1)№4педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы. Барлық топ тәрбиешілерінің және педагог мамандардың жылдық жұмыстарының қорытынды көрсеткіші. 2) Мониторинг нәтижелері 3) Жазғы ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін, күн тәртібін, жоспарды бекіту. Педагогикалық кеңес шешімі.	қорытынды	мамыр	Меңгеруші Г.С.Абдрахманова
--	-----------	-------	-------------------------------

**2025-2026 оқу жылында ұйымдастырылған педагогикалық кеңес
отырысының хаттамасы № 1**

Өткізілген күні: 28.08.2025ж

Қатысқаны:11

Қатыспағаны:0

Тақырыбы: «Білім келешегі: адал азамат-кәсіби маман»

Күн тәртібінде:

1. 2024-2025 оқу жылының жазғы сауықтыру кезеңінде атқарылған жұмыс есебін тыңдау. меңгеруші:Г.С.Абдрахманова

2.ҚР мектепке дейінгі ұйымдарында 2025-2026 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процессін ұйымдастыру туралы нұсқаулық хатпен таныстыру. 24.06.2025ж 7 хаттама, 03.08.2022ж білім беру стандарты таныстыру әдіскер Г.К.Мухамбеткалиева

3. Бекіту:

-ҰІӨ кестесі;

-топтардың перспективалық жоспарлары;

-мамандардың жылдық перспективалық жоспарлары;

-Аттестаттау комиссия құрамымен таныстыру;

-мектеппен сабақтастық жоспарын талқылап бекіту;

«Әжелер», «Аналар» мектебінің жұмыс жоспарларын бекіту, жауаптыларды тағайындау, тақырыптық бақылаудың қорытындысы туралы. Әдіскер Г.К.Мухамбеткалиева

Ағымдағы мәселелер:

1.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Г.С.Абдрахманова сөз алып кеңес отырысына жиналған педагогтарды 2025-2026 оқу жылының жазғы сауықтыру- шынықтыру шараларының өткізілу барысы туралы, жоспарланған жұмыстардың барлығы жоспарға сәйкес атқарылғаны туралы айтып өтті. Жаз бойына балаларға түрлі шаралар ұйымдастырылды. Құммен, сумен, таза ауада, ауа ванналарын қолдану т.б бірнеше сауықтыру жұмыстары жүргізілді деп атап айтты.

Жарыссөздер: Тәрбиеші: Муратова А Э.А 2025-2026 оқу жылының жазғы жұмыстары бірізділікпен атқарылды. Балалар жаз бойы сауықтырудан бөлек экологиялық үлескеде керемет еңбекпен жұмыстанды. Экологиялық үлескеге су құю, гүлдерді баптау, бақылау жұмыстарын қызығушылықпен орындады

2.Тыңдалды: Г.К.Мухамбеткалиева

-Әріптестер, жаңа 2025-2026 оқу жылының басталуына сәттілік тілеймін! Сіздерге ұсынылып отырған әдістемелік нұсқаулық хат 24 маусым 2025 жылдың 7 хаттамасымен дайындалған деп ерекшеліктеріне тоқталды.

2025-2026 оқу жылының негізгі ерекшеліктері:

-МДҰ мен жалпы білім беретін мектептерде, лицейлер мен гимназияларда мектепалды сыныптарда балалардың қауіпсіз болуын қамтамасыз ету;

-тәрбие мен оқыту басқа тілде жүргізілетін мектепке дейінгі ұйымдарда «Тілге бойлау» бағдарламасын жаппай іске асыру;
-«Жасыл балабақша» жобасы экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру;

-Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын жетілдіру.
«Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру;

-«Беске дейін үлгер» ата-аналарға арналған мобильді қосымшасын қолдану;

- ауылдық жерлерде «Құзыреттілік орталықтарының» жұмысын кеңейту және жеке мектепке дейінгі ұйымдар санын ұлғайту;

-Әдістемелік орталықтар жанында мобильді топтардың қызметін жетілдіру;

-«Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді мектепалды даярлықты ұйымдастыру бағыттары бойынша ұсынылған.

МДҰ- да тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру үшін алдымен тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасының құрылуына ерекше назар аудару қажет. Осы дамытушы орта арқылы біз балаларды тәрбиелейміз, дамытамыз, жетілдіреміз, қалыптастырамыз.

МДҰ ның басты міндеттерінің бірі: балалар өмірі мен денсаулығын қорғау. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, дене, зияткерлік, тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін жайлы қолайлы орта қалыптастыру.

Мектепке дейінгі ұйымда балалардың күні бойы қауіпсіз болуының алдын алу үшін

-Тәрбиелеу- білім беру процесіне тиісті бақылауды қамтамасыз ету;

-Басшының қызметкерлердің әрекетіне бақылауды күшейту;

-Алдын- алу шараларын уақытылы жоспарлау;

-Баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды болдырмау үшін тиісті шаралар қабылдау ұсынылды.

Сонымен қатар 2025-2026 оқу жылында:

Мобильді топтардың жұмысын дамыту.

“Беске дейін үлгер” ата- аналарға арналған мобильді қосымшасы іске қосылды.

Балаларды үй жағдайында тәрбиелеп отырған ата- аналарға “Беске дейін үлгеру” қосымшасы іске қосылды. Қосымша арқылы ата- аналар тәулік бойы әдістемелік және психологиялық қолдау алады.

МДҰ мен мектептердің мектепалды сыныптарында “Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру.

-Рухани адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу;

-Отанға өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

-Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу;

-Адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адами қасиеттерді дамыту;

-Табиғатқа, қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;

-Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту;

- Отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- Өз құқығы мен бостандығы, басқа адамдардың құқығын қорғауға тәрбиелеу;
- Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру;
- Еңбексүйгіштік пен өзін –өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- Біреудің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім беру стандартымен және «Адал азамат» бағдарламасымен таныстырып өтті. 2025-2026 оқу жылына арналған бөбекжайдың жылдық жұмыс жоспарын таныстырып өтті.

3.Тыңдалды: әдіскер Г.К.Мухамбеткалиева

Күн тәртібіндегі келесі мәселе 2025-2026 оқу жылына арналған барлық педагогтердің ҰІӨ кестесі, тәрбиешілердің, басқа педагогтердің жылдық перспективті жоспарлары, отбасымен ынтымақтастық жоспарлары қаралып, талқыланып бекітуге ұсынылды. Балалардың күн тәртібін жоспарлауда циклограмма әдістемелік нұсқау хатында көрсетілген үлгіге сәйкес жасақталуын айтты және облыстық, қалалық тәжірибелік алаң тақырыптары бойынша жоба тақырыптарымен жұмыс жүргізілуі керек екенін атап айтты. Педагог мамандардың жоспарлары бекітілді және мамандардың перспективалық жоспарларында тақырыбы, мақсат, міндеттері, күтілетін нәтижелері іс- әрекет барысында қолданылатын ойындары көрсетілулері керек екенін сонымен қатар тәрбиешілер циклограммада көрсеткен әр ойынның шарты мен қысқаша барысын және перспективный жоспарға №422 бұйрыққа сәйкес күтілетін нәтижені көрсетуді ұсынды.

Сонымен қатар жиналған педагогтерді аттестаттау комиссиясының құрамымен таныстырып өтті: \қосымша жалғанды\

2025-2026 оқу жылдарында жас мамандар бұйрығы таныстырылды, жоспарлары бекітіуге ұсынылды.

Жарыссөздер: Утешова А.Б

Құқықтық сауаттылық бойынша ойындар маған ұнады. Өз тәжірибеме қолданамын және адалдық бойынша ойындардың міндеттері балалардың жас ерекшелігі ескеріле отырылып алынған.

Қабылданған шешім:

1.Жазғы сауықтыру шынықтыру жоспарының қорытындысы жақсы деп бағалансын.

2.2025-2026 оқу жылына арналған «Балаларды ерте жастан дамыту институтының» \24.06.2025ж №7\ әдістемелік нұсқаулық хатпен және №348 стандарт, 3.08.2022\ үлгілік оқу жоспары, оқу бағдарламасы туралы толық таныстырылды деп танылсын. Жұмыс барысында қаперге алынсын.

3.2025-2026 оқу жылына алынған мақсат- міндеттер, қалалық және облыстық тәжірибелік алаң жобалық жоспары талқыланды деп танылып, жұмыстануға ұсынылсын.

Бөбекжайда балаларды тәрбиелеу мен оқытуда басшылыққа алынатын құжаттардың барлығы бекітілсін:

-Топтардың преспективалық жоспарлары; (1 жылға, міндет, күтілетін нәтижелерімен)

-Күн тәртібі;

-мамандардың жылдық жоспарлары;

-мамандардың циклограммасы,

-Барлық педагогтер үшін циклограмманың бөліміне кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет барысы, ойынның күтілетін нәтижесі жазылсын және іс-әрекеттер күні бойын күн сайын кіріктіріліп өткізілсін.

-мектеппен сабақтастық келісім шарт жасақталып бекітілсін, аттестаттау комиссия мүшелері бекітіліп жоспарға сай жұмыс жүргізілсін.

Адал азамат» бағдарламасы бойынша жыл бойына құндылықтарды негізге ала отырып жұмыстану қадағалансын.Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, құқық сауаттылық, адалдық бойынша ойын түрлерін дайындау, тәжірибеде қолдану назарға алынсын.

Осы шешімнің жүзеге асырылуы 29.08.2025-30.09.2025 аралығында әдіскер Г.К.Мухамбеткалиева жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы:



Г.С.Абдрахманова

Хатшы:

К.Н.Имангалиева

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №2

Тақырыбы: *«Жаңа модельді МДҰ қалыптастыру аясында мектепке дейінгі жастағы балалардың логикалық ойлауы мен шығармашылық қиялын қалыптастыру. Балабақшада цифрлық білім беру ортасын құру»*

Өткізілген күні: 29 қараша, 2025 жыл

Өткізілген орны: әдістемелік кабинет

Төраға: Г.С. Абдрахманова – бөбекжай меңгерушісі

Хатшы: К.Н.Иманғалиева

Қатысқандар: әдіскер, педагогтер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, педагог-мамандар.

Күн тәртібі

1. №1 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Топтардың кешенді бақылау қорытындысы.
3. Мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу жұмысын STEM технологиясымен кіріктіру.
«Мультстудияда мультфильм құрастыру».
4. Геймификацияның балалардың танымдық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға әсері.
5. Әртүрлі мәселелер.
6. Педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау.

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша әдіскер **Г.К. Мухамбеткалиева** №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп берді. Жылдық жоспарға сәйкес барлық топтарда ұйымдастырылған іс-әрекеттер жүргізіліп, жоспарлау құжаттары талапқа сай рәсімделгенін атап өтті. «Адал азамат» бағдарламасы аясындағы тәрбиелік жұмыстар жүйелі жүргізіліп келе жатқаны айтылды.

Екінші мәселе бойынша меңгеруші **Г.С. Абдрахманова** кешенді бақылау нәтижелерін таныстырды. Бақылау барысында педагогтердің білім беру қызметін тиімді ұйымдастырып отырғаны, балалардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстардың сапасы артқаны айтылды. Сонымен қатар, заттық-дамытушы ортаны толықтыру және цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану бойынша ұсыныстар берілді.

Үшінші мәселе бойынша педагогтер тәжірибе алмасу алаңында ұлттық құндылықтарды STEM технологияларымен ықпалдастыру тәжірибесін көрсетті. «Мультстудияда мультфильм құрастыру» жобасы таныстырылып, балалардың логикалық ойлауын, шығармашылық қиялын, тілдік қарым-

қатынасын және топпен жұмыс жасау дағдыларын дамытудағы тиімділігі көрсетілді.

Төртінші мәселе бойынша тәрбиешілер Г.Нұғманова, А.Утешова геймификация элементтерін ұйымдастырылған іс-әрекет барысында қолдану тәжірибесімен бөлісті. Интерактивті тапсырмалар, цифрлық ойындар мен QR-код технологияларын пайдалану арқылы балалардың қызығушылығы мен оқу мотивациясының артқаны туралы айтылды.

Бесінші мәселе бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру курстарына қатысу, ата-аналармен бірлескен жобаларды ұйымдастыру және қысқы мерекелік іс-шараларға дайындық мәселелері қарастырылды.

Сөйледі

Әдіскер **Г.К. Мухамбеткалиева** цифрлық білім беру ортасын қалыптастыруда педагогтердің ІТ-құзыреттілігін жетілдіру қажеттігін атап өтті.

Тәрбиешілер STEM технологияларын қолдану барысында балалардың зерттеушілік қабілеттері мен шығармашылық белсенділігі артқанын мысалдар арқылы баяндады.

Музыка жетекшісі цифрлық ресурстарды мерекелік іс-шараларда қолдану тәжірибесімен бөлісті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Кешенді бақылау барысында анықталған ұсыныстар желтоқсан айына дейін орындалсын.
3. Барлық топтарда STEM технологиялары мен ұлттық құндылықтарды кіріктіре отырып ұйымдастырылған іс-әрекеттер жүйелі жалғастырылсын.
4. «Мультстудия» жобасы тәжірибесі барлық педагогтерге таратылып, оқу-тәрбие процесінде қолданылсын.
5. Геймификация элементтері ұйымдастырылған оқу қызметіне жүйелі енгізілсін.
6. Педагогтердің цифрлық сауаттылығын арттыру мақсатында тәжірибе алмасу және шеберлік сағаттары ұйымдастырылсын.
7. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау меңгеруші **Г.С. Абдрахмановаға** және әдіскер **Г.К. Мухамбеткалиеваға** жүктелсін.


Осы шешімнің жүзеге асырылуы 29.11.2025-30.12.2025 аралығында әдіскер Г.К.Мухамбеткалиева жүктелсін.
«Ақниет+» жеке бөбекжай- балабақша

меңгерушісі: **Г.К.Мухамбеткалиева**

Хатшы:



К.Н.Имангалиева



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №3

Тақырыбы: *«Балабақшада шығармашылық орта қалыптастыру: заттық-дамытушы орта, әдіс, креатив»*

Өткізілген күні: қаңтар, 2026 жыл

Өткізілген орны: әдістемелік кабинет

Төраға: Г.С. Абдрахманова – бөбекжай меңгерушісі

Хатшы: К.Н.Иманғалиева

Қатысқандар: әдіскер, педагогтер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, педагог-мамандар.

Күн тәртібі

1. №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. «Балабақшада заттық-дамытушы ортаның маңыздылығы».
3. I жартыжылдықтағы мониторинг қорытындысы.
4. «Ертегі терапиясын оқу-тәрбие процесінде қолдану» (TEDx форматындағы баяндама).
5. «Театр – балабақшадағы шығармашылық ортаның маңызды бөлігі» тақырыбындағы практикалық жұмыс.
6. Педагогикалық кеңестің шешімі.

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша әдіскер **Г.К. Мухамбеткалиева** №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат берді. STEM технологияларын қолдану, цифрлық ресурстарды пайдалану және геймификация элементтерін енгізу бағытындағы жұмыстардың жоспарға сәйкес жүзеге асырылғанын атап өтті.

Екінші мәселе бойынша меңгеруші **Г.С. Абдрахманова** балабақшадағы заттық-дамытушы ортаның бала дамуына ықпалы туралы баяндама жасады. Әр жас ерекшелігіне сәйкес қауіпсіз, эстетикалық және функционалды орта қалыптастырудың маңыздылығы айтылды. Оқу ортасын ұлттық құндылықтарға негіздей отырып толықтыру қажеттілігі ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер I жартыжылдық мониторинг нәтижелерін таныстырды. Мониторинг қорытындысына сәйкес тәрбиеленушілердің көпшілігі күтілетін нәтижелерге қол жеткізгені, сөйлеу, танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларының оң динамикасы байқалғаны айтылды. Кейбір бағыттар бойынша жеке түзету жұмыстарын жүргізу ұсынылды.

Төртінші мәселе бойынша тәрбиеші Муратова А.Ж «Ертегі терапиясын оқу-тәрбие процесінде қолдану» тақырыбында TEDx форматындағы

Бесінші мәселе бойынша Нұғманова Г. «Театр – балабақшадағы шығармашылық орта» тақырыбында практикалық жұмыс ұйымдастырды. Қатысушылар театрландырылған ойындардың, қуыршақ театрының және сахналық қойылымдардың балалардың коммуникативтік және шығармашылық қабілеттерін дамытудағы тиімділігін көрсетті.

Тәрбиешілер заттық-дамытушы ортаны жаңарту, театр бұрыштарын толықтыру және ертегі терапиясын жүйелі қолдану жөнінде ұсыныстар енгізді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімдері орындалды деп есептелсін.
2. Барлық топтарда заттық-дамытушы ортаны мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес жүйелі түрде толықтыру жалғастырылсын.
3. І жарты жылдық мониторинг нәтижелері назарға алынсын, төмен көрсеткіш анықталған тәрбиеленушілермен жеке жұмыс жоспары әзірленсін.
4. Ертегі терапиясы ұйымдастырылған іс-әрекеттерде және күннің екінші жартысындағы жұмыстарда тұрақты қолданылсын.
5. Театр қызметі барлық жас топтарында ай сайын ұйымдастырылып отырсын.
6. Педагогтердің шығармашылық тәжірибесін тарату мақсатында ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізілсін.
7. Осы шешімдердің орындалуын бақылау бөбекжай меңгерушісі

**«Ақниет+» жеке бөбекжай- балабақша
менгерушісі: Т.К.Мұхамбеткалиева**

Хатшы:

К.Н.Имангалиева

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №4

Тақырыбы: «Әлеуметтік жобалар мен іс-шаралар арқылы құндылықтарды енгізудің тиімділігі»

Мақсаты: Тәрбиеленушілердің әртүрлі мамандықтарға қызығушылығын арттыру, еңбекқорлық, жауапкершілік, адамгершілік және ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

Өткізілген күні: 27 наурыз, 2026 жыл

Өткізілген орны: әдістемелік кабинет

Төраға: Г.С. Абдрахманова – бөбекжай меңгерушісі

Хатшы: К.Н.Иманғалиева

Қатысқандар: әдіскер, педагогтер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, педагог-психолог, педагог-мамандар.

Күн тәртібі

1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. «Еңбегі адал – жас өрен» тақырыбындағы іс-тәжірибе (тәрбиеші Г.Н.Губайдоллина).
3. «SMART BALA» инновациялық жобалары арқылы құндылықтарды дамыту (тәрбиеші А. Сұлтангереева).
4. Әлеуметтік жобалардың тәрбиелік маңызы туралы пікір алмасу.
5. Педагогикалық кеңестің шешімі.

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша әдіскер **Г.К. Мухамбеткалиева** №3 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы баяндама жасады. Заттық-дамытушы ортаны жаңарту, театрландырылған ойындарды ұйымдастыру және ертегі терапиясын қолдану жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілгенін хабарлады.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші **А.М. Дускарова** «Еңбегі адал – жас өрен» тақырыбында тәжірибесімен бөлісті. Балаларды еңбекке баулу барысында күнделікті тұрмыстық еңбек, табиғат бұрышындағы жұмыстар, кезекшілік, ұжымдық еңбек және ата-аналармен бірлескен еңбек акциялары ұйымдастырылғаны айтылды. Жұмыс барысында тәрбиеленушілердің жауапкершілігі мен еңбекке қызығушылығының артқаны атап өтілді.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші **А. Сұлтангереева** «SMART BALA» инновациялық жобасын таныстырды. Жоба аясында балалардың зерттеушілік қабілеттерін, логикалық ойлауын, цифрлық сауаттылығын және шығармашылық белсенділігін дамытуға бағытталған іс-шаралар көрсетілді.



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №5

Тақырыбы: «2025–2026 оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелілігі: жетістіктер және даму жолдары»

Өткізілген күні: 28 мамыр, 2026 жыл

Өткізілген орны: әдістемелік кабинет

Төраға: Г.С. Абдрахманова – бөбекжай меңгерушісі

Хатшы: К.Н.Иманғалиева

Қатысқандар: әдіскер, педагогтер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, педагог-психолог, педагог-мамандар.

Күн тәртібі

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Барлық топ тәрбиешілері мен педагог мамандардың 2025–2026 оқу жылындағы жұмыс қорытындылары.
3. Балалардың даму мониторингінің қорытынды нәтижелері.
4. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін, күн тәртібін және жұмыс жоспарын бекіту.
5. Педагогикалық кеңестің шешімі.

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша әдіскер **Г.К. Мухамбеткалиева** №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің толық орындалғанын хабарлады. Әлеуметтік жобалар, «SMART BALA» инновациялық жобасы және «Адал азамат» бағдарламасы аясындағы жұмыстар жоспарға сәйкес ұйымдастырылғаны атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша барлық топ тәрбиешілері мен педагог-мамандар оқу жылы ішінде атқарылған жұмыстары туралы есеп берді. Есеп барысында балалардың білім, білік және дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстардың нәтижелері ұсынылды. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, шығармашылық байқаулар, ата-аналармен жүргізілген жұмыстар және кәсіби даму бағытындағы жетістіктер талданды.

Музыка жетекшісі Н.С.Мухтарова жыл бойы өткізілген мерекелік іс-шаралар мен шығармашылық жобалардың нәтижесін баяндады.

Дене шынықтыру Г.Дюсенов нұсқаушысы балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстар мен спорттық іс-шаралардың қорытындысын таныстырды.

Педагог-психолог К.Н.Иманғалиева жүргізілген психологиялық қолдау жұмыстарының нәтижелерін баяндап, мектепалды топ тәрбиеленушілерінің

мектепке психологиялық дайындығы бойынша қорытынды мәліметтерді ұсынды.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер Г.К.Мухамбеткалиева балалардың даму мониторингінің қорытынды нәтижелерін таныстырды. Мониторинг нәтижелері бойынша тәрбиеленушілердің басым бөлігі күтілетін нәтижелерге қол жеткізгені анықталды. Танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және физикалық даму көрсеткіштерінде оң динамика байқалды.

Төртінші мәселе бойынша меңгеруші Г.С. Абдрахманова жазғы сауықтыру кезеңінде жүргізілетін жұмыстардың жоспарын таныстырды. Жаз мезгілінде балалардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету, денсаулықтарын нығайту, таза ауадағы ойындар, спорттық және шынықтыру шараларын ұйымдастыру мәселелері қаралды. Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, күн тәртібі және жазғы жұмыс жоспары талқыланып, бекітуге ұсынылды.

Сөйледі

Меңгеруші Г.С. Абдрахманова педагогикалық ұжымның оқу жылындағы еңбегіне оң баға беріп, кәсіби шеберлікті одан әрі жетілдіру қажеттігін атап өтті.

Әдіскер Г.К. Мухамбеткалиева келесі оқу жылында инновациялық технологияларды кеңінен енгізу, цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану және тәжірибе алмасу жұмыстарын күшейту жөнінде ұсыныстар айтты.

Педагогтер оқу жылы барысында жинақталған тәжірибелерімен бөлісіп, жазғы сауықтыру кезеңіне қатысты өз ұсыныстарын білдірді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімдері толық орындалды деп есептелсін.
2. Барлық педагогтердің 2025–2026 оқу жылындағы жұмыстары қанағаттанарлық деп бағалансын.
3. Балалардың даму мониторингінің нәтижелері назарға алынсын және келесі оқу жылын жоспарлау барысында ескерілсін.
4. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, күн тәртібі және жұмыс жоспары бекітілсін.
5. Жаз мезгілінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау шаралары қатаң сақталсын.
6. Педагогтердің үздік тәжірибелері әдістемелік қорда жинақталып, келесі оқу жылында таратылсын.

7. 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлеу жұмыстары маусым айынан басталсын.
8. Осы шешімдердің орындалуын бақылау бөбекжай меңгерушісі **Г.С. Абдрахмановаға** жүктелсін.

**«Ақниет+» жеке бөбекжай- балабақша
меңгерушісі:**

Г.К.Мухамбеткалиева

Хатшы:



К.Н.Имангалиева

